

Шектеу іс- шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы Покров ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 қаңтарда № 9702 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Денисов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 01-27/827 ұсынысы негізінде Покров ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Покров ауылдық округі Покровка ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруы бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Покров ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 24 тамыздағы № 3 шешімінің (2020 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9411 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Покров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Покров ауылдық округінің әкімі

К. Игламова